



БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7М02203-ДІНТАНУ

**БІЛІМ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАҚСАТЫ**

Дінтану саласында білімі бар, көпконфессиялы қоғамдағы талаптарға сай келетін, азаматтық ұстанымы бар, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын талдауға және табысты жүзеге асыруға қабілетті магистрлерді даярлау.

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫ**

7М02203-Дінтану мамандығының магистрлері дінтану, діни ахуалдың сараптамалық-талдау қызметі саласындағы, сондай-ақ ішкі саясатты басқару органдарындағы кәсіби қызмет үшін атқарады.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - дін туралы философиялық білімнің мағыналық қалыптастырушы және дүниетанымдық аспектілерін анықтайды; билік пен діни бірлестік арасындағы өзара қарым-қатынасты тұжырымдамалық талдау дағдыларын бағалайды;

ОН2 - дінтану ғылымының негізгі ұғымдары мен санаттарын, олардың дінтану тарихындағы негізгі түсіндірмелерін салыстырады; қоғамдық өмірдің әртүрлі салалары туралы ақпаратты қамтитын дінтану мәтіндері мен теологиялық дереккөздердің ішкі мазмұнын талдау үшін дінтану ғылымының ұғымдары мен санаттарымен операцияларды қолданады;

ОН3 - заманауи қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінің ерекшеліктерін анықтайды, алдыңғы қатарлы бағыттарды, нормативтік-құқықтық базаның қағидаттарын, сараптамалық-талдау қызметінің әлемдік және отандық тәжірибесін қолданады;

ОН4 - заманауи этноконфессиялық жүйелердің, саяси институттар мен процестердің теориялық негіздерін сыныптайды; әлеуметтік-мәдени проблемалардың мәнін және оларды шешу бойынша инновациялық идеяларды ұсынуды суреттейді; дүниетаным тетіктерінің негізгі құрылымдық элементтері туралы алынған білімдерді практикада қолдануды болжайды;

ОН5 - түрлі кәсіби жағдайларда қазақ, орыс және шет тілдерінің мүмкіндіктерін қолданады; қойылған кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін ауызша және жазбаша қарым - қатынас дағдыларын байланыстырады;

ОН6 - дінге сенушілермен қарым-қатынастың негізгі бағыттары мен психологиялық ерекшеліктерін және мемлекеттік билік органдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында діни төзімділік пен діни сенім бостандығын сақтау негізінде билік пен діни ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынасты рационализациялауға, демократияландыруға және оңтайландыруға бағытталған басқару

процестерін ұйымдастыруды білдіреді;

ОН7 - қоғамдағы толерантты өзара әрекеттесу қағидаттарын сақтау үшін ұжым қызметкерлерінің негізгі мәдени, педагогикалық-психологиялық, этикалық, конфессиялық ерекшеліктерін байланыстырады; мультимәдени қоғамдағы кәсіби қызмет жағдайында жанжалды жағдайларды шешу әдістерін қолданады;

ОН8 - талдау және сараптама деңгейінде нақты дінтану практикасында теориялық білімді қолдану дағдыларын, түрлі әдістерді қолдана отырып, дінтану сараптамасы дағдыларын синтездейді.

